



Қазақстандағы Кітапхана желісінің қалыптасуы

Мәдениет – бұл ұлттың, оның рухының, ақылының және игілігінің көрінісі. Өркениетті ұлт өз тарихын, мәдениетінің дамуын, елді танытқан және әлемдік ой жетістіктеріне, өнердің алтын қорына үлкен үлестерін қосқан ұлы тұлғаларын мақтан тұтады. Мәдениеті мен дәстүрі арқылы ұлт танымал болады. Сондықтан дәстүр мен мәдениет ұлттың да, мемлекеттің де келбеті.

Н. Ә. Назарбаев

Кітапхана... ежелден әрі мәңгілік жасайтын адамзаттық ақыл-ой тұрағы. Кітап сөрелерінің қозғалыссыз қатары тіршілік әлемінің сансыз қырын қамтиды: идеялардың ымырасыз күресі, әуесқой ғылыми ізденістер, ғажайыпқа құштарлық, білім алу, ойын-сауық және т.б. шетсіз шексіздікке дейін. Адамзат тарихында кітаптың пайда болуы мен жеке тұлғаның белсенділігін оятатын бірегей форма ретінде бекітілуі айрықша орынға ие болды. Адамзат өркениетінің дамуы туралы азды-көпті шынайы мәліметтердің өзі адамзат баласына тиесілі баспа және жазба деректерден алынғаны аян.

Археологиялық мәліметтерге сүйенсек, I мыңжылдықтан біздің дәуірімізге дейін жазу және оқу дағдыларын тек сақ тайпалары ғана меңгерген екен. I мыңжылдықтың екінші жартысынан біздің дәуірімізге дейін қазақ даласына орхон-енисей жазбалары жеткізілді. Сонымен, оқу мәдениеті тарихтың күретамырындай тереңге бойлап, біздің өркениетіміздің негізін құрады және бүгінгі күні келешек ұрпақты білім нәрімен сусындататын басты құралға айналды.

Ежелгі Бұхара, Самарқанд, Тараз, Отырар және басқа да қалаларда мектеп-медреселер, кітап дүкендері, кітапханалар болған. Сонау орта ғасырлардағы ірі кітапханалардың бірі – Отырар кітапханасы, аңыз бойынша, ұлы ғалым, философ, ақын, Аристотельдің ізбасары, Авиценнаның мұғалімі Әбу Насыр әл-Фараби кітапхананың негізін қалаған. Ежелгі кітап сақтау қоймаларында шежірелер, күлән орамалары, вавилондық саз тақталар сақталып келген.

Ғылыми кітаптар мен көркем әдебиеттер, өлең-жырлар мен дәрілік рецепттер, діни және тарихи еңбектер, ежелгі саяхат жазбалары да осы кітап қоймаларына жинақталған. Аты әлемге әйгілі ондаған ойшылдардың, ғалымдардың өзі осы кітапханадан тәрбиеленіп өсті. Сол қатарда ЮНЕСКО-ның «Әлем жады» атты Бүкіләлемдік құжаттық мұралар

тізіміне енген Қожа Ахмет Яссауидің, Абдурахман Нуриддин ибн Ахмад Джамидің қолжазбалары бар.

Қазақстандағы ағартушылық идея, орыс мәдениеті негізінен көркем әдебиеттің көмегімен орыс зиялылары арқылы пайда болды. Демократиялық идеологияның қалыптасуына, қазақ арасынан алғашқы ағартушылардың пайда болуына орыс мәдениеті өкілдері маңызды рөл атқарды. Қазақ халқының көрнекті тұлғасы Шоқан Уәлиханов орыс мәдениетін қабылдаған тұңғыш ағартушы, еуропалық білім алып, өз дәуіріндегі озық ойшылдардың деңгейіне жеткен тұңғыш ғалым болды.

XIX ғасырдың бірінші ширегінде Қазақстанда гимназиялар мен уездік училищелер жанынан оқушылар кітапханасы желісі құрылған еді. Патша үкіметі полиция-бюрократиялық аппарат үшін шенеуніктерді дайындап, державалық идеологияны қалыптастыруға мүдделі болып, кітапханаларды пайдалануды ұйғарған. Сол кезеңдегі оқушылар кітапханасындағы қорлар құрамы туралы Шоқан Уәлихановтың досы әрі курстасы Г. Н. Потаниннің мынадай естелігін оқып барып, талдау жасауға болады: «Ученическая библиотека составлена почти исключительно из биографий русских генералов в описании разных войн. Самые интересные книги были «Путешествие Дюмон-Дервиля», обработанное для детей, «Записки Манштейна» и чья-то биография Наполеона Бонапарта. Для меня было счастьем, когда начальство разрешило Чокану брать книги из фундаментальной библиотеки. Это в нашем развитии была эпоха, когда Чокан принес из недоступного книгохранилища «Путешествие Палласа» и «Дневные записи Рычкова». Толщина книг, их формат, старинная печать, старинные обороты речи и затхлость бумаги – как это было удивительно, необыкновенно, полно поэзией страны» /21, 18 б./.

Бұл қысқа суреттеме оқушылар кітапханасындағы қорлар құрамын, кітапхана қызметін әкімшіліктің қатаң қадағалауынан кітаптар жеткізудің өзі оңайға соқпағанын айғақтайды.

«Халықтың кемеліне келіп өркендеп өсуі үшін ең алдымен, азаттық пен білім қажет... – деп жазады Ш. Уәлиханов, – Ендеше, ең алдымен, оқуға үйрету қажет», /3, 21 б./.

Қазақтың ағартушы-демократы халыққа білім берудің маңыздылығы мен жалпы ағарту саласындағы мәселелерді жете түсінді. Осы кітапханалардың барлығы да оқырмандардың ортақ сұраныстарын қанағаттандырып, идеологиялық жұмыстар жүргізуге және ғылыми-техникалық жетістіктерді насихаттауға тартылды.

Нақ сол кезеңде Қазақстанның ірі қалаларында тарихи-өлкетану және ғылыми-жаратылыстану үйірмелері, сан алуан қауымдастықтар мен мәдениағарту мекемелері пайда бола бастады. Орыстың ұлттық мектептері мен сол мектептер жанындағы кітапханалардың пайда болуы ағарту ісінде ерекше мән-мағынаға ие болды. Мұндай мектептің негізі тұңғыш рет 1874 жылы Шымкент қаласында қаланды. Сол кезеңде орыстың көрнекті ғалымдары В.В. Бартольд, В.В. Радлов, Д.С. Граменицкий және басқа да қаламгерлер Қазақстанның табиғаты, қазақ халқының салт-дәстүрлері мен құқықтық ережелері, тарихы, мәдениеті туралы материалдар жазды, қазақ зиялыларын ынтымақтасуға шақырып, байланысудың жолдарын іздеді.

Қазақстандағы мектептер мен училищелер жанынан кітапханалар құруда ағартушы-педагог, жазушы Ы.Алтынсариннің еңбегі зор. Мектеп кітапханаларының негізін қалаушы ретінде Ы.Алтынсариннің белсенді қоғамдық қызметі педагогикалық жұмыстарымен қатар күш алды. Оның ойпікірінше, мектептер мен училищелердің міндеті балаларды сауаттылыққа үйретумен қатар, балалардың кітап қазыналарын тиімді әрі игілігіне пайдалануына көмек көрсетіп, болашақ мамандарға кітаппен жұмыс істеуі әрі оқу арқылы басқара білуі үшін барлық жағдайлар жасалуы қажет. Ы. Алтынсарин орыс ақын-жазушыларының шығармаларын қазақ тілінде сөйлетті, сол еңбектер орыс-қазақ мектептеріне арналған оқу құралдары ретінде мектеп кітапханаларының кітап қорларының басым бөлігін құрады.

1879 жылы Қазақстандық мектеп кітапханаларының қорларына Ы. Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы» атты кітабы келіп түсті, осы оқу құралы қазіргі кезеңде де кеңінен

таралып отыр. Сондай-ақ балалар кітапханасын әрі қарай толымдау жұмыстары да Ы. Алтынсарин есімімен байланысып жатыр.

Кітапханаларға кітаптар Петербург, Мәскеу, Орынбор және басқа да қалалардағы кітап сатушылардан жаздырып алынды. 1882 жылғы 15 қыркүйектегі белгілі педагог-миссионер, шығыстанушы Н. И. Ильминскийге жазған хатында мынадай мәлімет келтіреді: «При училищах Тургайской области я намереваюсь учредить библиотеки учительские и ученические, на что я собрал уже до 700 рублей. Цель этих библиотек заключается не только в том, чтобы книгами пользовались одни учащиеся и учителя, но чтобы и окончившие курс (ученики), грамотные вообще люди, имели в степи места, откуда есть возможность брать полезные книги и руководства к дальнейшему их самообразованию. Затруднения я теперь встречаю в выборе книг и руководстве по всем вообще отраслям знаний, доступных для понимания окончивших вообще курс учения в народных двух-трехклассных учебных заведениях» /1, 375 б./. Мұндай мазмұнда хаттар көптеп кездеседі, сол жазбаларда қазақ ағартушысы моральдық, қаржылық қиындықтарға қарамастан, мектеп және училище кітапханаларын толымдауға қатысты өз қызметтерін баяндайды, бірақ кітапхана ісін дамыту жолындағы күресін тапжылмастан жалғастыра береді. Қайраткердің ынта-ықыласын айқындайтын тағы бір хаттан үзінді келтірсек: «О покупке книг и учебных пособий для открываемых школьных библиотек заведующий Иргизским училищем на предложение мое донес, что из содержания вверенной ему школы за сей 1883 г., отпускаемого из общественных и городских сумм, образуя к концу года остаток около 100 рублей серебром.

Имея же в виду, что при двухклассных училищах Тургайской области, устроенных в уездных городах, предлагается учредить библиотеки для классных и народных чтений, но денег, пожертвованных почетными блюстителями из ордынцев всего в размере 669 рублей на четыре уездных училища, недостаточно, имею честь просить Вас: не найдете ли возможным означенный выше остаток разрешить употребить на покупку книг и учебных пособий для предлагаемых библиотек» /1, 375 б./.

XIX ғасырдың 70-80 жылдарында патша үкіметі Халық ағарту министрлігіне қадағалау құқығын қалдыра отырып, жергілікті билікті кітапхана ісін дамытуға тартты. Дала билігі жанынан ашылған кішігірім қырғыз мектептеріне облыстық басқарма аз немесе тіпті бастауыштарға үйретуге келмесе де кітаптар сатып алуға мәжбүр болды.

Ы.Алтынсариннің қарауындағы мектеп кітапханалары егде тұрғындардың да мүдделері есебінен ғалымның өзінің нұсқауымен толымдалды. Ы.Алтынсарин кітаптардың мазмұнымен танысып, өзі сатып алып, мектептерге таратты. Бір өзі кітапханаларды толымдау сапасын да қадағалап отырды. Көрнекті ағартушы мектептер мен кітапханаларды қазақ халқының мәдениағарту ошағына айналдыруға талпыныс жасады. Ғалымның жетекшілігімен ведомстволық бағынышты оқу орындарындағы оқу-тәрбие жұмыстары барысында кітапханалық қорларды пайдалануды ұйымдастырумен қамтитын әрі ұзақ мерзімдер бойы сақталып қалған игі дәстүр қалыптасты.

Ы. Алтынсариннің жазуынша: «Изыскивать же способы к обогащению вообще библиотек центральных училищ я не перестаю и надеюсь рано или поздно поставить оные на хорошую ступень, чтобы они могли более или менее удовлетворять потребностям грамотной части киргизского народа заниматься чтением и самообразованием».

Ы. Алтынсарин сыныптан тыс оқуға ерекше мән беріп, мұғалімдерге «кешкілік қандай да бір қолайлы сәтінде оқушыларға оқуды ұйымдастырып, оқығандарын орыс тілінде әңгімелеуге» тартуға кеңес беріп отырды /1, 375 б./.

Қазақстандық кітапхана ісіндегі Ы.Алтынсариннің тарихи қызметі оның бастамасымен және өзінің тікелей қатысуымен мектеп және училище кітапханалары желісінің құрылғанымен байланысып жатыр. Ұлы ұстаздың мектеп және училище кітапханаларына қатысты қызметі өз дәуірінде озық сипатқа ие болып, кітапханаларды демократияландыруға септесті.

Ы. Алтынсариннің кітапхана ісіндегі өзіндік шеберлігі XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы кітапханалық ойлар жетістігінің куәсі іспетті. Оның ұйғарымымен, кітапханалар оқырмандар мүддесіне қызмет етіп, мектеп және училище кітапханаларын ұйымдастырудағы теория мен тәжірибені жетілдіруге барынша ықпалдаса түсіп, Қазақстандағы қоғамдық ойларды дамытуға әрі демократиялық дәстүрлерді кеңінен таратуға мүмкіндік берді.

Қазақстандағы төңкеріске дейінгі көне кітапханалардың бірі – Орынбор генерал-губернаторының шешіміне қарай, 1871 жылғы 24 қазанда іргесі қаланған Оралдағы әскери ұйым жанынандағы әскери көпшілік кітапхана. Кітапхана абонементін көбіне-көп офицерлер, олардың отбасы мүшелері қатарында жазылғандар, жергілікті дворяндар мен шенеуніктер, мұғалімдер мен өзге де зиялы қауым өкілдері пайдаланды.

Қала халқына барынша белгілі болған халықтық кітапхана – 1896 жылғы сәуір айында Мәскеудегі Білім комитетінің көмегімен Оралда жеке қаражат есебінен ашылған оқу залы. Үш жылдан кейін оқу залы 1896 жылы құрылған «Оралдың казак-орыс әскерлері жанындағы бастауыш білім беру туралы қамқорлық қауымдастықтың» билігіне берілді, содан соң осы Қауымдастық мүшелері жетекшілік ететін арнайы комиссияның, халық училищесінің инспекторы Павловтың қадағалауымен жұмыс істеді.

Кітапхана оқырмандары қатарындағы балалардың 44-тен 51%-ға дейінгі көрсеткішті құрағаны қызықты болып отыр. Сондай-ақ Қазақстандағы төңкеріске дейінгі кезеңдегі көрсетілген қызметіне қарай үлкен әрі барынша маңыздылардың бірі – Облыстық Статистика Комитетінің тікелей жетекшілігімен 1883 жылғы 22 қыркүйекте ашылған Семипалатинск (Семей – ред.) қоғамдық кітапханасы.

Кітапхананың белсенді оқырмандары қатарында қазақ халқының ұлы ағартушы ақыны – Абай Құнанбаев та болғанын ескеруіміз қажет. Кітапхана ісі Семипалатинск (Семей – ред.) облысындағы уездік қалаларда да ойдағыдай дами бастады. Сонымен қатар, 1838 жылы Өскемендегі қалалық үш классты училище жанынан қоғамдық кітапхана есік ашты, 1892 жылы Қарқаралы қаласында, 1896 жылы Зайсан қаласында да қоғамдық кітапхана құрылды. 1899 жылы екі халықтық кітапхана-оқу залы – Зайсан уезіндегі Көкпекті селосында, екіншісі – Өскемен уезіндегі Михайло-Архангельский кентінде ашылды. Кітапханалар мектеп ғимаратында орналастырылды, өйткені кітапханаға балаларды қатыстыру мүмкіндігі ұйғарылды.

Кітапхана ісі Қазақстанның басқа облыстары мен қалаларында да дами түсті. Айталық; Торғай облысында, Жетісуда, Петропавлда және Түркістанда. Жетісу кітапханаларының ерекшелігі, оның орталығы Верный қаласы болды, конфессиялық сипаттағы оқу орындары арқылы ағарту зайырлы біліммен ұштастырылды. Казак-орыстармен және көшіп-қонған тұрғындармен қатар, қазақ, ұйғыр және татар халықтары да ағартушылыққа ұмтылып бақты. Білім алып, оқуға талпыныс таныту түркі халықтарының өзіндік ерекшелігі болды. Верный қаласындағы кітапханалардың құрылуы – күрделі әрі қарама-қайшылыққа толы процесс. Бұл жағдай ұзақ уақыттар бойы жалғасты. 60 жылдардың аяғына қарай Жетісу аймағындағы әскери штабтың да кішігірім кітапханасы болды. Жыл сайын бұл кітапханалар қоры жылдам қарқынмен толықтырылып тұрды.

Жетпісінші жылдары Верный қаласындағы офицерлер қауымдастығы жанында кітапхана бой көтерді, нақ сол мерзімде жеке кітапхана құруға талпыныстар жасалды. 1884 жылы Верный қаласындағы көпестер кеңесі жанынан кітапхана дүниеге келді. Келесі жылы көпестер кеңесі мен кітапхананың кітаптары қоғамдық бірлестікке қосылды. Осылай, 1884-1885 жылдары Верный қаласында қоғамдық кітапхана бой көтерді. Кітапханада, негізінен, жоғары дәрежелі қауымдарға, іс жүзіндегі қажеттілігіне қарай мемлекеттік және әскери мекемелерге қызмет көрсетілді. Кітапхана сол кезеңдегі негізгі мерзімді басылымдарды жаздырып алып отырған.

Көрнекті саяхатшы Н. М. Пржевальский өзінің «От Кяхты на истоки Желтой реки» атты кітабында былай деп жазады: «В библиотеку г. Верного от автора, 15 августа 1888г. Санкт-Петербург» /9, 51 б./.

Түркістан епархиясы жанынан да ерекше кітапхана құрылды. 1897 жылдан бастап Н. Пантусов, А. Флеров, В. Е. Недхвецкий сынды жанкүйерлердің арқасында статистикалық комитет кітапханасы жедел қарқынмен өсті. Ауруханалардың да кітапханалары болды. 80 жылдардың орта шенінде қыздар мен ер балалар гимназияларының жанынан да кітапханалар пайда болды.

Ғасыр басында ер балаларға арналған гимназия кітапханасының оқырмандары қатарында Мұхамеджан Тынышбаев, Тоқаш Бокин, Ысқақ Дүйсенбаев, Барлыбек Сыртланов, Тұрлыбек Сыртланов сынды қазақгимназистер болды.

1895 жылы Н. В. Гоголь атындағы ақысыз кітапхана оқу залымен қатар ашылды. Кітапхана Верный қоғамдық бірлестігі кітапханасының қайта құрылуына байланысты пайда болды. Бір қызығы, биліктің бұл бастамасы Верныйдағы миссионерлердің оқу залын ұйымдастыру және халықтық кітапханалар оқу залдары туралы ІІМ нұсқауының пайда болуымен тұспа-тұс келді. Бұл кітапханалар өз қызметінде тыйым салынған нұсқаулықтар мен жарлықтарды қатаң басшылыққа алуға тиіс болатын. Ал басқа ведомстволық кітапханаларға қатыстыларға келсек, онда ол кітапханалардың бәріне кіруге шектеу қойылған екен. Кітаптарды әкімшілік мекемелердің шенеуніктері, жоғары шенді төрелер, аға офицерлер ғана пайдаланған. Сонымен, Верный қаласында ХХ ғасырдың басында бірнеше кітапханалар жұмыс істеді: көші-қон басқармасы жанында, Орыс техникалық қауымдастығының бөлімшесі жанындағы мұғалімдер семинариясында және Жетісу ауыл шаруашылығы қауымдастығы жанында. Әлбетте, бұлар кішігірім кітапханалар, санаулы ғана сөрелердегі кітаптар.

1910 жылғы 31 желтоқсанда Жетісу облысының әскери губернаторы кітапхана ашу және оны пайдалану ережесі туралы шешімді бекітті. 1911 жылғы 26 ақпанда Л. Н. Толстой атындағы кітапхананың Верный қалалық кітапханалық комитетінде отырыс өтті. Верный кітапханасы Жетісудағы мәдени-ғылыми орталықтардың бірі болды. Жылына 20 000-дай кітап берілетін-ді.

1917 жылға дейін Верныйдың қоғамдық өмірінде көптеген қызықты деректер сақталды. Мұнда тамаша тұлғалар өмір сүрді. Солардың күшімен, еңбектерімен кітаптарға қолжеткізіліп, кітапхана құрылды. Верный қаласының билігі қаладағы қазақ, татар, ұйғыр халықтары өз балаларын мектептер мен училищелерге беруге асық екенін сезінді. Ересектер де, балалар да кітап пен газет-журналдарға әуестенді. 1892 жылы Верныйдағы «Казанским благотворительным братством» миссионерлігінде оқу залы ашылды, залда татар және қазақ тілдерінде христиандық әдебиеттер ұсынылған. Сондықтан, империялық жоспарлармен іс жүзінде Жетісудағы жеке жоспарын, яғни көркем әдебиеттер арқылы түркі халықтарын шоқындыруға ұмтылды. Алайда халықтың осы оқу залына деген қызығушылығы тез арада бәсеңдеп кетті. Бірқатары қазақ тіліндегі «Түркістан уәлаяты» газетіне, татар тіліндегі газеттерге жазылып, Орынбор, Казан, Ташкент, Стамбул қалаларында түркі тілдерінде жарық көрген кітаптарды сатып ала бастады. Кітапқұмарларға верныйлық В. Шавров, К. А. Смоллов, А. Зайнуллиндердің кітап дүкендері қажетті кітаптарды тез табуға көмекке келіп, нәтижесінде Верный түркі кітапханасы құрылды, кітапхана көп ұзамай нығая түсіп, Ресейдегі мұсылмандар арасында кеңінен таныла бастады. Сонымен, төңкеріске дейін Верный қаласында бірнеше кітапхана – онға жуық кітапхана болды. Төңкеріске дейінгі кезеңде кітаптарды көбіне-көп ведомстволық, конфессионалдық қатардағыларға тәуелсіз оқырмандар пайдаланды. Петропавл қаласында қашан да кітаптар мен журналдардың жеткіліксіздігі сезілетін. 80 жылдары ашылған қалалық қоғамдық кітапхана көпшілік қауымның талаптілектерін қанағаттандыра алмады. Кітапханада кітап таңдау мүмкіндігі тым шектеулі болды. Бұдан әрі қоғамдық кітапханалар казак-орыс ауылдарында, көшіп қонушы шаруалардың селоларында да бой көтере бастады. Сібірдегі казак-орыс әскерилерінің тұңғыш әскери бөлімінде, реальдық

училищеларда, қалалық училищеларда, Новорыбинск елді-мекенінде кітапханалардың негізі қаланды /35/. Петропавлдағы кітапханадан кейін Ақмола, Көкшетау, Атбасар қалаларында да кітапханалар ашылды. XX ғасырдың басынан бастап Петропавл қаласының экономикалық және қоғамдық өміріне ерекше өзгерістер енді. Әсіресе, Сібір темір жол магистралі, Ақмола және Семипалатинск облыстары бойынша шаруалардың қоныс аударуы осы қала арқылы жүзеге асты. Бұл қаланың мәдени келбетіне, барлық баспа өнімдеріне – оқулықтарға, көркем әдебиеттерге, газет-журналдарға деген қажеттілікке қарай көрініс алып жатты. Тек орыс тілінде ғана емес. Егер 1900 жылы қалада 6 мектеп болса, 1907 жылы олардың қатары 12-ге жетті.

Солтүстік Қазақстан қалаларында «Общества борьбы за трезвость» тәрізді шаралар пайда болды. Өз қызметтері кезінде оларға кітапхана-оқу залдарын ашу да кірістірілген. Солардың бірі ең алғаш Петропавлда ашылды. Оқырмандар саны да жылдам өсті, мұнда оқу және қойылымдар өткізіліп тұрды. 1905 жылы кітапханашы өзінің есебінде былай деп келтіріпті: «В отчетном году библиотека-читальня функционировала усиленным образом, и, по-видимому, заслужила симпатии населения, как своей доступностью, так и подбором книг» /36/.

Түркістан қаласы – Қазақстандағы ең ежелгі қалалардың бірі, сондай-ақ қалада кітапхана да болған. Бұл қала ислам дінінің аса маңызды бір бөлігі – суфизмнің орталығы болды. Мұндағы діни әдебиеттер, қолжазба кітаптар мен литографиялық басылымдар Қожа Ахмет Яссауи кесенесі қабырғасынан әрдайым табылатын. Қоқанд билігі кезеңінде Түркістан қаласында және оның маңайындағы Қарнақта медресе мен кітаптар жинағы болды.

XVII ғасырдың басында Қарнақ біраз уақыт қазақ ханы – Тұрсынның резиденциясы, ал XVII-XVIII ғасырларда Түркістан қаласы Қазақ хандығының орталығы болғанын ескеруіміз керек. Осы ордада Жәңгір, Тәуке, Әбілқайыр және Абылай хандар өз биліктерін жүргізді. Қожа Ахмет Яссауи кесенесі жанында да, Қарнақта да кітапханаға жауапты тұлғалар болды. Олар оқумен, жазбамен айналысатын қаламгерлер болатын. Бұларға кітапханашылар да кірістірілді. Олар кітап жеткізу, кітаптарды қабылдау, сақтау және реставрациялау жұмыстарын қадағалауға тиіс еді.

Сексенінші жылдардың орта тұсында Ресей империясы Оңтүстік Қазақстанды жаулап алғаннан кейін қаланың қоғамдық өмірінде маңызды оқиғалар орын алды. 1884 жылы ересектерге арналған кешкі курстар жұмыс істей бастады. Жергілікті тұрғындар білімнің қажеттілігін сезінді. Сол жылы Түркістандағы екі класстық қалалық училищеде қалаға шалғайдан келген балаларға арналған интернат ашылды. 1886 жылы қалада орыс-қазақ училищесі ашылды /16, 172-173 б./. Мұның бәрі қалада және аймақтарда баспа өнімдеріне деген зәруліктің туғанын көрсетеді. Мектептердегі, медреселердегі, қалалық училищедегі оқу процесі оқу құралдарынсыз, оқытушылардың жеке кітаптарынсыз, оқу орнының кішігірім кітапханаларынсыз мүмкін емес болатын. Нәтижесінде Түркістан қаласында да қоғамдық кітапхананың іргесі қаланды, кітапхананың жарғысында «Түркістан қаласындағы қоғамдық кітапхана қаладағы барлық халықтың пайдалануына, мүмкіндігіне қарай, аз-кем төлемі үшін кітап, газет-журналдарды пайдалануға мүмкіндік беру мақсатын көздейді. Кітапхана жанында оқу кабинеті, сол бөлімдегі кітаптар мен журналдарды ақысыз пайдаланатын оқу залымен бірге кітапхананың ақысыз негіздегі халықтық бөлімі болды», – деп белгіленген. Қазақстанның оңтүстіктегі тағы бір қаласы – Әулиеатада да зиялы қауымның күшімен кітапхана құрылды /6, 89-156 б./.

Сонымен, 1914 жылғы 1 қаңтардағы статистикалық мәліметке сәйкес, Қазақстанның барлық аймағында жалпы кітап қоры 98 мың томнан тұратын 139 кітапхана болды. Бұл қатарға ведомстволық қатыстылығына қарамастан, көпшілік үлгідегі жалпыға бірдей қолжетімді кітапханалар енгізілді. Барлық әдебиеттердің жартысынан көбі – 50 300 том 44 қалалық кітапхананың үлесіне тиісті болса, 47 700 кітап қана ауыл кітапханаларынан табылды. Мұнда да ұлы ұстаз Ыбырайдың тікелей еңбегі жатыр!

Ү. Д. МҰҢАЛБАЕВА

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор ҚР Ұлттық академиялық
кітапханасының басшысы